

# БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қысқы демалыс басталған кезде балалардың қауіпсіздігі ата-аналар, педагогтер мен жалпы қоғам үшін маңызды міндетке айналады. Осы кезде балалар таза ауада белсенді демалып, қысқы спорт түрлерімен айналысады. Сондай-ақ, осы уақытта басқа да маусымдық факторлармен байланысты балалардың жарақат алу қаупі артады.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарды негізгі сақтық шараларын сақтау қажеттігі туралы ЕСКЕРТЕДІ:

## 1. МҰЗ АЙДЫНЫНДА ЖӘНЕ ТӨБЕШІКТЕН СЫРҒАНАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

- Балалардың рұқсат етілмеген, мұзы жұқа айдындары мен су айдындарында болуына жол бермеңіз.
- Қысқы спорт түрлеріне арналған жабдықтың (шана, коньки) жарамдылығы мен қауіпсіздігін тексеріңіз.

## 2. ЖОЛДА ЖҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға жолдан, әсіресе көктайғақ кезінде, қауіпсіз өту ережелерін түсіндіріңіз.

## 3. СЫРҒАНАЙТЫН ОРЫНДЫ ЖӘНЕ ОНДА БОЛУ УАҚЫТЫН БАҚЫЛАУ

- Балалардың, әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерде, үнемі ересектердің бақылауында екеніне көз жеткізіңіз.
- Балаңызбен үйге қайту уақыты мен байланыс тәсілдері туралы келісіңіз.

## 4. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Балаңызға отты және электр құрылғыларын, әсіресе жаңа жылдық гирляндарды, шамдар мен бенгал ұшқындарын қолдануға байланысты ережелерді түсіндіріңіз.
- Сіріңке мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Сонымен қатар, Министрлік балалардың эмоционалды және психологиялық қауіпсіздігінің маңыздылығына назар аудартады. Қысқы демалыс – бұл отбасымен бірге болу, қызығушылықтар мен шығармашылық әрекеттерді дамыту уақыты. Балаларыңыздың бос уақыттарын қалай өткізетініне көңіл бөліңіздер.

**Балалардың қауіпсіздігі – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Балаларымыздың қысқы демалысы жарқын, көңілді және қауіпсіз өтсін!**

# ГАЗ ПЕШІН ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

12 жасқа дейінгі балаларға газ пешін  
**ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ  
САЛЫНАДЫ!**

02

Пешті қосу үшін, алдымен сіріңкені жағып,  
содан кейін газ пешінің от кранын аш.

03

Егер жалын көк түстің орнына қызғылт сары  
түске боялып, дірілдеп, күйе шығара бастаса,  
газ пешін пайдалануға **БОЛМАЙДЫ** –  
оны жөндеу қажет!

04

Газ пешін үйді жылыту үшін пайдалануға  
**БОЛМАЙДЫ.**

05

Газ баллонын жылу көздерінің  
жанына қоюға  
**БОЛМАЙДЫ.**



Газдың иісі шыққан кезде бірден **104**  
нөміріне хабарлас!

# ЭЛЕКТР ҚҰРАЛДАРЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

Электр құралын өшіргенде, штепсельдің айырын розеткадан сымнан ұстап емес, штекерден ұстап шығар.

02

Су қолмен электр құралына қол тигізуге тыйым салынады.

03

Тек жарамды электр құралын, розеткаларды пайдалан.

04

Ешқандай жағдайда электр тогы өтетін жалаң сымдарға қол тигізуге болмайды.

05

Сымдарды есіктермен, терезе жақтауларымен қысуға, оларды шегелерге бекітуге қатаң тыйым салынады. Розеткалардың жанында ойнау, оларға шпилька, түйреуіштер тығып, сымдарды тарту қауіпті.



## ЕСІҢДЕ БОЛСЫН:

қосылған және қараусыз қалған электр құралы мен газ плиталары – өрт және жарылыс көздері!

# ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

**ЕСІНДЕ БОЛСЫН:** жолдан тек жер асты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы өтуге болады. Бұл сені қауіптен сақтайды және өмірің мен денсаулығыңды сақтауға көмектеседі.

02

**ЖОЛҒА ЖАҚЫНДАҒАНДА ТОҚТАП, АЛДЫМЕН СОЛҒА, СОДАН КЕЙІН ОҒА МҰҚИЯТ ҚАРА.** Жақындап қалған көлік жоқ па? Жол ашық па? Осыған көз жеткіз де, содан кейін ғана жолдан асықпай өт.

03

Егер қозғалыс өте тығыз және жолда көлік көп болса, жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне түсіп, өзің қалаған бағытта жүріп өт.

04

Есіңде болсын: жолдан бағдаршамның жасыл түсі жанғанда ғана өт! **ҚЫЗЫЛ ТҮС ЖАНСА – ДЕРЕУ ТОҚТА!**

**ЖОЛДА ОЙЫН ОЙНАП,  
ТЕНТЕКТІК ЖАСАУ –  
ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ӨМІР  
ҮШІН ҚАУІПТІ.**



# ӨРТ КЕЗІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ



01

Өрттің алғашқы белгілері пайда болған кезде дереу **101** нөміріне қоңырау шал!

02

Шұғыл түрде бөлмеден шық – өрт шыққан кезде жасырынудың пайдасы жоқ!

03

Түтін ішінде қабырғаға сүйеніп, еңкейіп, бетіңді сулы шүберекпен жауып алып қозғал.

04

**ЖЕДЕЛ САТЫНЫ ҚОЛДАНУҒА БОЛМАЙДЫ**

05

Егер үйден шығу мүмкін болмаса, балконға шығып, есігін жауып, қатты айқайлап көмекке шақыр.



# ПИРОТЕХНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

Фейерверктер мен басқа да пиротехникалық бұйымдарды тек мамандандырылған дүкендерден сатып алу керек, себебі қолдан немесе базарлардан алсаңыз, сізге тиісті сертификаты жоқ пиротехниканы сатуы мүмкін.

02

Фейерверктер мен от шашуларды тұрғын үй-жайлардан немесе жанғыш заттардан 20 метрге жақын жерде, төмен шатырлар мен ағаштың түбінде тұрып қолдануға болмайды.

03

Бетке жақын ұстап, жағуға болмайды.

04

Білтені жаққанда, қолды алдыға созу керек. Білте 6-8 секунд жанады. От шашудан ұшып кеткен ұшқынды сөндіру қиын, сондықтан ол теріге тиіп кетсе, күйік болуы мүмкін. Пиротехниканы дауылды, желді ауа райында қолдануға тыйым салынады.



05

Балаларға пиротехникамен ойнауға тыйым салынады. **ПИРОТЕХНИКАЛЫҚ БҰЙЫМДАР ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС!**

06

От шашуды қолдан ұшыруға болмайды (хлопушка мен бенгал шамдарынан басқа).

07

Пиротехникалық бұйымдарды қалтада алып жүруге болмайды.



# МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

Мұздың үстінде тұрып, оның қалыңдығын аяқпен тексеруге қатаң **ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ!**

02

Мұзға тек ересек адаммен ғана шығуға болады!



03

Біреуге көмек көрсеткенде өте сақ бол! Оны құтқаратын затты үш-төрт метрден кем емес қашықтықтан бер!

04

Егер аяғыңның астындағы мұз жарылып, жарықтар пайда болса, бірден жатып, ақырын еңбектеп, қауіпсіз жерге аунау керек!



# ТӨБЕШІКТЕН СЫРҒАНАУДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

айналаға қарау

02

жолда басқа балалардың  
жоқтығына көз жеткіу

03

төмен қарай түсетін  
жерді тексеру

04

төменге сырғанайтын  
жолмен жоғарыға шықпау

05

төбешіктен төмен қарай  
сырғанағанда  
бір-бірін итермеу

06

төмен қарай кезекпен  
сырғанау

07

төмен қарай сырғанағанда  
отырып, аяқты алға созу

08

төменге сырғанап түскен соң, бірден  
шетке қарай шығу керек

**ҚАРДА ОТЫРУ  
ЖӘНЕ ЖАТУ  
ДЕНСАУЛЫҚ ҮШІН  
ҚАУІПТІ!**





# ЖОЛДА ҚАУІПСІЗ ЖҮРІС-ТҰРЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ

01

Есіңде болсын, сен жаяу жүргіншісің және тек тротуармен, жаяу жүргіншілер жолымен және жер асты жаяу жүргіншілер өткелімен жүруің керек.

02

Тәуліктің қараңғы уақытында жүргенде өзіңмен бірге жарық шағылыстыратын элементтері бар заттар немесе аспаптар болуы қажет.

03

Көлік жолынан тек жер асты және жер үсті жаяу жүргіншілер өткелімен өтуге болады.

04

Жол қозғалысы реттелетін жолда бағдаршамның белгілеріне немесе реттеушінің қимылына қарау керек.

05

Көлік жолынан өткенде тоқтау және ақырын жүру қауіпті.

06

Егер жолдан өтіп үлгермесең, жолдың бөлу жолағында тоқтап тұр.

07

Қозғалыстың қауіпсіздігіне көз жеткізгеннен кейін және бағдаршамның белгісін (реттеушінің қимылын) ескере отырып, жолдан өтуді жалғастыр.

